Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ЗАР ЗАМАН ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУ МЕН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ, ОҚЫТУ МЕН НАСИХАТТАУДЫҢ ЖАУЊАР ТҰЛҒАСЫ

Профессор, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның ғылымы мен жоғары білімінің көрнекті қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, әдебиет сыншысы Қанипаш Қайсақызы Мәдібайдың әдебиеттану ғылымындағы басты да бастапқы зерттеу нысаны – Шортанбай Қанайұлының өмірі мен шығармашылығы. Шортанбай Қанайұлы – зар заман әдебиетінің басында тұрған аса ірі шығармашылық тұлға. Шортанбай Қанайұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеу оның өмір сүрген кезеңінің қоғамдық-саяси, тарихи, әлеуметтік болмысын толық та терең зерделеп білуді талап еткенінде сөз жоқ. Ал зар заманның қоғамдық-саяси, тарихи, әлеуметтік болмысын толық та терең зерделеп білу, зар заман поэзиясының сынын зар заман сырымен сабақтас тану таудай талайлы талап пен таңдай арайлы талантты қатар талап етуші еді. Мұндай іргелі іске әдебиеттанушылардың жүрек жұтқан батылы немесе батыры ғана тәуекел ете алатын. Қ.Қ. Мәдібай осындай ірі, іргелі, күрделі, әлеуметтік маңызы зор ғылыми мәселені зерттеуге тәуекел етті. Осы реттен келгенде, Қанипаш Қайсақызын таудай талайлы, таңдай арайлы талант деп бағаласақ та, әдебиеттанушылардың жүрек жұтқан батылы һәм батыры деп дараласақ та орынды. Ал енді бұл қасиеттердің өзара байланысы мен тоғысуының, жүйелі тұтасуының нәтижесінде туатын тарихи талдау мен теориялық ойлау шығармашылық тұлғаны ғылыми зерттеу жүргізу мен жоғары білім берудің шырқау шыңына шығарды. Қанипаш ханым ғылыми зерттеулерінің жарығы мен жылуын, дәйекті ойлары мен дәлелді пікірлерін, қисынды ғылыми болжамдары мен толғамдарын осындай шыңнан асып тарайтын шынайы мәнге бөлеп ұсынады. Зерттеуші ғалымның шығармашылық ойлауына тән осы ерекшелікті мен ғылыми шығармашылықтағы ерендік пен тереңдік, даралық пен саралық деп қана емес, құтты қасиет деп танимын. Профессор Қанипаш Мәдібай – ғылыми танымына құт дарыған шығармашылық тұлға. Ол – 600-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің жеке авторы, олардың ішінде отыздан астам монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары бар. Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін, Social Science Citation Index-те индекстелетін және (немесе) Scopus базасында Citescore бойынша 50-ден (елу) кем емес процентилі бар

рецензияланатын ғылыми басылымдарда, сондай-ақ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізбесінің 1-ші Тізіміне немесе 2-ші Тізіміне кіретін отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жиырмадан астам еңбектері жарияланған.

Аталған еңбектер профессор Қанипаш Қайсақызының ғылыми зерттеулерінің отандық және халықаралық ғылыми басылымдар кеңістігіндегі сапалық деңгейінің айтарлықтай жоғары екенін көрсетеді. Мұндай жоғары сапалық деңгейге әдебиеттанушы ғалымдардың талабы биік, еңбегі зор, методологиялық ойы мен ойлауы терең аса ірі тұлғалары ғана көтеріледі.

Қанипаш Қайсақызын алғаш рет осыдан жарты ғасырдай бұрын республикалық кітап баспалары мен әдеби журналдар орналасқан үлкен ғимаратта көрдім. Ондағы қызметкерлер Қанипашты Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетін үздік бітіріп, еңбек жолын ауыл мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып бастаған, педагогикалық бай тәжірибе алған ұстаз, білікті редактор, жауапты қызметкер ретінде таныстырды. Ауыл мектебінің мұғалімін ерекше құрметтеуші едім, Қанипашқа да сондай ілтифатпен қарадым. Оның себебі менің де еңбек жолымды ауыл мектебінде мұғалім болып бастауыммен байланысты. Университетке оқуға қабылданғанға дейін. Педучилищеде арнайы білім алған бастауыш сынып мұғалімі едім: бірінші жылы екінші сынып мұғалімі, екінші жылы бірінші сынып мұғалімі болып ұстаздық еттім. Оқушыларыма Әліппені жаттатып, қолдарына алғаш қалам ұстатқанымды, оқу мен жазуға үйреткенімді осы күнге дейін көңілім толқып еске аламын. Ауыл мектебіне, ауыл мектебінің мұғаліміне құрметім осы күнге дейін өте зор. Қанипашқа да осындай зор құрметпен қарап, жаңа қызметінің игілікті болуын тіледім. Қанипаш қара көзі мөлдіреп, қара шашы желбіреп ауыл мектебінің жас мұғалімінше тіл қатты.

Қанипаш Қайсақызы кейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қызметке келді. Ұстаздық қызметін әдеби сын саласындағы ізденістерімен, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар атқара бастады. Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын жүргізді. «Зар заман ағымы және Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады, «Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуы және оның зерттелуі» мәселелері бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Қазақ әдебиеттануындағы ғибратты ғалым, сындарлы сыншы болып қалыптасты, Қазақстан жоғары мектебінің үздік оқытушысы болып үлгі ұсынды, ұлағат таратты.

Әдебиет сынында Қанипаш Қайсақызы әдеби-эстетикалық танымы мен талғамының айқындығымен, әдеби шығарманы, әдеби үдерісті барлау мен талдаудағы, жинақтау мен бағалаудағы өзіне тән байыптылығымен, ой қорыту мен пікір негіздеудегі тиянақтылығымен ерекшеленді.

Қанипаш Қайсақызы әдеби сын әлеміне енген шақта қазақ әдеби сыны өз дамуының шырқау биігінде еді. Әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны салаларында бірдей еңбек еткен алдыңғы буын өкілдерінің топ жұлдыздай жарқыраған шоғырымен қатар әдебиет сыны бойынша арнайы шығармашылық еңбек жолын таңдаған кәсіби сыншылар буыны қалыптаса бастаған еді. Зейнолла Серікқалиев, Төлеген Тоқбергенов, Сағат Әшімбаев, Сайлаубек Жұмабек сынды кәсіби сыншылар әдебиет сынының дамуына өлшеусіз зор үлес қосты. Қанипаш Қайсақызы сыншыл ойымен, өзінің көркемдік кеңістігінің сұлу сазымен осы аталған кәсіби сыншылардың әдеби үдеріс кеңістігіндегі самғауы мен парлауына көз тігіп, сын әлеміне нық қадам басқан жас сыншы ретінде әдеби сынның түрлі жанрларында еңбек етті. Рецензия, шолу мақалалары мен проблемалық мақалаларында, ақын-жазушылардың шығармашылық портреттерін жасауда көркемдік ойлау мен ғылыми пайымдау тәсілдерін ұштастыра отырып, өзінің жазу, ой толғау мәнері мен машығын, стильдік даралығын тапты.

М.О. Әуезов: «Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады» [1, 192], – деп көрсетті. Қанипаш Қайсақызы ғылымдағы ізденістерінде зар заман әдебиетінің басындағы Шортанбайдан Абайға дейінгі жүз жылдық ғасырды тұтас қамтып, заманауи әдеби үдеріс кеңістігіндегі әдеби сынмен салалас, сабақтас парлады.

Зерттеуші XIX ғасыр әдебиетіндегі дәстүрлі үлгілер мен жанрлық жаңалықтарды, дара ақындар шығармашылығының ерекшеліктерін, жазба әдебиеттің қалыптасу сатыларын зерттеді, зар заман ағымын ғасыр әдебиетіндегі азаттшыл, азаматтық жаңа бағыт болып қалыптасуының заңдылықтарын зерделеді, азаттық күрес поэзиясындағы қаһармандық рух пен мұң-шер сарынын саралады, жаңа жазба әдебиеттің қалыптасу, даму жолдарын пайымдады.

Зар заман әдебиетінің арнасында ғасырға созылған дәуірдің әлеуметтік-этикалық, көркемдік-эстетикалық, философиялық, адамдық және азаматтық құндылықтары қалыптасты. Өмір құндылықтарының өзара байланыстары мен сабақтас желілерінің жүйесінде дара шығармашылық тұлғалар өніп-өсті. Олардың шығармашылығында дәуірдің зияткерлік ізденістері мен қоғамдық сананың даму заңдылықтары терең көрініс тапты. Дәуірдің осындай ізденістері мен даму заңдылықтарын саралау барысында Қанипаш Қайсақызы XIX ғасырды «Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» деп атап, оның өзекті, іргелі мәселелерін зерттеуді бірнеше сала бойынша жүргізді, монографиялық еңбектерін, оқулықтар мен оқу құралдарын жазды, жоғары білікті ғылым кандидаттары мен докторларын даярлады. Қанипаш Мәдібай қазақ әдебиетінің жауһар ғасырын, зар заман әдебиетін

зерттеу мен зерделеудің, оқыту мен насихаттаудың жауһар тұлғасы болып қалыптасты.

Ғалымның «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (Бірінші кітап, 2001; екінші кітап, 2004), «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы (2007), «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқулық» (2015) және басқа монографиялары, оқулықтары мен оқу құралдары XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін зерттеу мен жоғары мектепте оқытудағы жанар жасқағандай жарқын жетістіктер болды. Автордың еңбектерінде XIX ғасырдағы дәстүрлі әдебиет үлгілерінің жанрлық өзгерістері, даралық бағыттары, ауызша әдебиеттен жазба әдебиетке ойысу заңдылықтары, жаңа жазба әдебиет құндылықтары, зар заман ағымының әдеби дамудағы азаттшыл, азаматтық жаңа бағыты, азаттық күрес поэзиясы сияқты пәнаралық сипаттағы мәселелер тарихи-теориялық тұрғыда жүйелі түрде зерттеліп, жаңа ғылыми нәтижелерге қол жетті. Осы ретте автордың Шортанбай Қанайұлының шығармашылық мұрасын жинап, құрастырып, жеке кітап етіп баспадан шығаруын, Махамбет Өтемісұлының, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылығының теориялық және практикалық мәселелерін қазіргі ғылыми таным биігінде талдап, бағалауын, жоғары білім алушы жастарға арналған оқу құралдарын жазып, жариялауын әдебиеттану ғылымындағы, жоғары білім саласындағы әлеуметтік маңызы зор жетістік екенін арнайы атап айтқанды дұрыс көремін.

Профессор Қ. Мәдібай өзі қызмет етіп жүрген білім мен ғылым ордасында әдебиет, әдебиеттану саласында шығармашылық қызығушылық танытқан талапты, талантты жастар үшін арнайы шығармашылық үйірме ашып, білім алушылар қатарында әдебиетке, әдебиетті зерттеуге, насихаттауға ықылас білдірген жастарға жалықпай ұстаздық етті, оларды шығармашылық еңбекке баулыды. Жастардың әдеби шығармашылық және әдебиеттану саласындағы ізденістерінің нәтижелерін арнайы сериялық басылым ретінде баспаға дайындап, жүйелі түрде жарыққа шығаруды жолға қойды. Ұлағатты ұстаз қыздың «Жас зерттеуші: ғылыми-әдістемелік жинақ», «Жетісу кітапханасы. Әдеби өлкетану: ғылыми жинақ» атты басылымдар сериялары ашып, олардың жүйелі түрде жарық көруі жолында атқарған ерен еңбегін өзімен әріптес оқытушы профессорлар да, жас талап қаламгерлер мен жас ғалымдар да ризалықпен атап айтып жүр.

Қазақ әдебиеті кафедрасында жарты ғасырдай қатар қызмет атқардық, бүгінде де ұжымдық зерттеу жұмыстарын қатар, бірлесе жүргізіп келеміз. Қанипаш Қайсақызы Фараби университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» (Томдар: 1-50), «Абайтану антологиясы» (Томдар: 1-10), «Абай институтының еңбектері» (Кітаптар: 1-25), «Абай институтының е-басылымдары» (Басылымдар: 1-25), «Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» (Томдар: 1-10) атты «Қазақ университеті» баспасынан шыққан 100-ден астам кітаптардан тұратын көп томдық сериялық басылымдардың ғылыми-редакциялық кеңесінің және

авторлар ұжымының құрамында белсенді қызмет атқарды және атқарып келеді.

Қанипаш Қайсақызы, Бекен Ыбырайым, мен үшеуміз байырғы авторларды сақтай отырып, қазақ әдебиетінің жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулықты және жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулықты жазып, оқушылардың пайдалануына ұсындық. Б. Ыбырайым, Қанипаш, мен – үшеуміз «Ұлттық рух және шығармашылық даралық (авторлық ауызша поэзия мәселелері)» атты монографиялық зерттеу жазып жарияладық (Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Ұлағат» баспасы, 2018. – 350 б.). Осы аталған және басқа еңбектердің бәрі де инемен құдық қазғандай қиын да көп қырлы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері еді. Олар ғылыми таным байлығын, ақыл-ой қуатын, қыруар қол еңбегін талап етті. Қанипаш Қайсақызы осы жұмыстардың қиындықтары мен ауыр салмағын ерлерше көтерді.

Фараби университетінде шығармашылық ізденістерге, жеңістер мен жемістерге толы бірнеше ондаған жылдар өтті. Осы жылдарда профессор Қанипаш Қайсақызы XIX ғасырдың әдебиеті, зар заман әдебиеті мәселелеріне арналған зерттеу еңбектерімен, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметімен қазақ әдебиеттану ғылымының, Қазақстан жоғары мектебінің дамуына зор үлес қосып, ерен еңбек биігіне шықты. Бүгінде де ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырып, ғылым мен жоғары білім беру жүйесі үшін жоғары білікті мамандар даярлау саласында жемісті еңбек етіп келеді.

Қанипаш Қайсақызы Мәдібай – қазақ әдебиеттануының, Қазақстан жоғары мектебінің көрнекті қайраткері, зар заман әдебиетін зерттеу мен зерделеудің, оқыту мен насихаттаудың жаyhap тұлғасы.

Құрметті Қанипаш Қайсақызына мерейлі жасына орай зор денсаулық, шығармашылық мол табыс, отбасына, бала-шағасына амандық-саулық, құт-береке тілеймін!

Әдебиет

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған / Кітаптың түсініктерін жазған және арнаулы редакторы М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

2. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Бірінші кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 196 б.

3. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Екінші кітап.– Алматы: Қазақ университеті, 2004. – Ә:Қ б.

4. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 290 б.

5. Мәдібай Қ. Абайтану. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 204 б.

6. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 258 б.
7. Мәдібай Қ. Көркемдік кеңістігі. Әдеби сын мақалалар кітабы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 215 б.
8. Қанайұлы Ш. Шығармалары. Толғаулар, айтыстар, дастандар. Шортанбай мұрасы: сын-зерттеулер, мақалалар / Құрастырған және алғы сөзін жазған Қ. Мәдібай. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 384 б.

2026 жыл.